

THE UNIVERSITY OF CHICAGO PRESS



Құрметті Қырғыз Ұлттық университетіне

100 лет

**Құрметті Чонтоев Догдурбек Токтосартович!
Құрметті Қырғыз Ұлттық университетінің ұжымы
мен профессорлық-оқытушылық қауымы!**

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының атынан Сіздерді ұлы түркі ойшылы, ғұлама ғалым және гуманист Жүсіп Баласағұн есімі берілген Қырғыз Ұлттық университетінің 100 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – тек бір жоғары оқу орнының мерекесі ғана емес, бүкіл түркі жұртының, Орталық Азия халықтарының ғылым мен білім саласындағы бір ғасырлық табысының көрінісі.

1925 жылы негізі қаланған Қырғыз Ұлттық университеті XX ғасырдағы ең қиын кезеңдерде – кеңестік жүйе жағдайында ұлттық кадрларды даярлаудың, ғылыми мектептердің қалыптасуының және отандық педагогикалық дәстүрдің алтын бесігіне айналды. Бұл оқу орнының қабырғасынан Қырғызстанның ғана емес, бүкіл аймақтың ірі мемлекет және қоғам қайраткерлері, танымал ғалымдар, акын-жазушылар мен ағартушылар түлеп ұшты.

Университеттің тарихы – бауырлас қырғыз халқының ұлттық санасының оянуы мен тәуелсіз мемлекеттілігінің рухани іргетасы іспеттес. Оның қалыптасуына Мұхтар Әуезов, Қасым Тыныстанов, Ишеналы Арабай уулу, Болот Юнусалиев, Әбдікерім Акматалиев, Асқар Какеев сияқты тұлғалардың еңбегі сінді. Осы дәстүр бүгінде де Сіздің басшылығыңызбен жалғасын тауып, университет халықаралық ынтымақтастықтың, түркі интеграциясының алдыңғы қатарында тұр.

Қырғыз Ұлттық университеті – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» іліміндегі әділет, білім мен парасат қағидаларын заман талабына сай жалғастырып келе жатқан ұлы орда. Ғылым мен тәрбиені тоғыстырған бұл оқу орны қазіргі таңда Орталық Азиядағы іргелі ғылыми мектептермен, соның ішінде біздің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен тығыз ғылыми серіктестік орнатқан.

Біз екі ел арасындағы мәдени және ғылыми байланыстарды жоғары бағалаймыз. Біздің ғалымдар қырғыз тарихы мен қазақ-қырғыз рухани байланыстарын, түркі өркениетінің ортақ мұраларын зерттеу жолында өзара ынтымақтаса еңбек етіп келеді. Бірлескен конференциялар, археологиялық және этнографиялық экспедициялар, түркі халықтарының ортақ тұлғаларына арналған зерттеу жобалары — бауырластық пен ғылым бірлігінің айқын көрінісі.

Болашақта да Қырғыз Ұлттық университетімен бірлесіп, түркі халықтарының тарихи мұрасын жаңаша зерделеуге, білім мен ғылымның жаңа кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ істеріміз табысты жалғасады деп сенеміз.

Сізге және ұжымға зор денсаулық, қажымас жігер, шабытты шығармашылық табыс тілейміз!

Ғасырлық тарихы бар университеттің абыройы арта берсін, келешек ұрпаққа білім мен парасаттың шамшырағы бола берсін!

**Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
Бас директоры, ҚР ҰҒА-ның академигі
т.ғ.д., профессор**



З.Е. Қабылдинов